



**Меңгеруші жанындағы кеңес жоспары**  
/2025-2026 оқу жылы/

№	Іс шара	мерзімі	қатысушылар
1	«Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» бойынша тексеру нәтижесі Бастапқы мониторинг қорытындысы ҚАҚ (ДПУ) ұйымдастыру бойынша жұмыстар Балабақшадағы тамақтандырудың жаңа тәртібімен таныстыру Жас мамандарға тәлімгерлерді бекіту Семинар кестесін бекіту Жасанды интеллект бойынша бұйрық, жұмыс жоспары	қыркүйек	Меңгеруші Барлық педагогтар, медбике емдәм бике
2	Қазан айына арналған жұмыс жоспарын бекіту Күзгі-қысқы ас мәзірін бекіту ҚАҚ (ДПУ) құжаттарын реттеу, жұмысты бастау «Күзгі асар» мерекесін өткізу, жоспарымен танысу, бекіту. Күзгі тазалық жұмыстары «Республика күні» мерекесі жоспары	қазан айы	Меңгеруші Әдіскерлер ҚАҚ (ДПУ) жетекшілері Шаруашылық меңгерушісі Музыка жетекшісі
3	Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы Шолу, тексеру қорытындысы «Күн тәртібі бөліктері бойынша ашық көрулер (таңертеңгілік жаттығулардың жобалануы және гигиеналық талаптардың орындалуы)» Қалалық мобильдік топ отырысы Аттестациялық сынақтан өту жоспарын нақтылау 2-жарты жылдық бойынша даму жоспары	қараша айы	Меңгеруші Әдіскерлер Аттестациядан өтуге үміткер педагогтар
4	Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы Айлық жұмыс жоспарын бекіту «Тәуелсіздік күні» аталу жоспары Жаңажылдық ертеңгілік өткізу жоспары, ертеңгілік кезіндегі өрт қауіпсіздігі Қысқы учаскелер байқауы Номенклатура бұйрығы ҚАҚ (ДПУ) бойынша жарты жылдық есебі	желтоқсан айы	Меңгеруші Әдіскерлер Шаруашылық меңгерушісі Музыка жетекшісі Есепші
5	Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы Аралық мониторингтің қорытындысы Қызмет көрсетуші компаниялармен келісім шарт жасау ТЖ,ӨҚ, АҚ бойынша жұмыс жоспарларын жасау, жауаптыларды бекіту	қаңтар айы	Меңгеруші Әдіскерлер Шаруашылық меңгерушісі Музыка жетекшісі Есепші

	еңбек демалысы кестесін бекіту Тарифтеу жоспары, штаттық кесте		
6	Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы Аумақты қардан тазарту жұмысы Ашық қаралым бойынша талқылау Топтардағы бұрыштар жағдайы. Жасанды интеллект бойынша жұмыстар 8 наурыз мерекесіне дайындық	ақпан айы	Меңгеруші Әдіскерлер Шаруашылық меңгерушісі Музыка жетекшісі Есепші
7	Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы Наурыз мерекесін атап өту бөйынша жоспар Аттестация бойынша сараптамалық жұмыстар қорытындысы Өрт қауіпсіздігі бойынша эвакуациялық жаттығу ұйымдастыру	наурыз айы	Меңгеруші Әдіскерлер Шаруашылық меңгерушісі Музыка жетекшісі Аттестациялық комиссия
8	Өткен жиналыс қаулыларының орындалуы туралы. Аумақты абаттандыру бойынша жұмыс жоспары Түзету топтары бойынша балалардың психологиялық мінездемелерін дайындау, динамикасын талдау. 7 Мамыр мерекесі туралы жоспар	сәуір айы	Меңгеруші Әдіскерлер Шаруашылық меңгерушісі Музыка жетекшісі логопедтер психолог
9	Өткен жиналыс қаулыларының орындалуы туралы. 2.Мектепке даярлық топта қоштасу кештеріне дайындық туралы. 3.«1-маусым-Балаларды қорғау күні!» мерекесін өткізу туралы.	мамыр	Меңгеруші Әдіскерлер Шаруашылық меңгерушісі Музыка жетекшісі Мектепалды топтары

**№15 "Жидек" бөбекжай-балабақшасы**  
**Меңгеруші жанындағы кеңестің №1 хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 2025 ж. 2-қыркүйек,

**Қатысқандар:** Балабақша меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, медбике, шаруашылық меңгерушісі

**Өткізу орны:** Музыка залы.

**Күн тәртібінде:**


1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы бойынша тексеру нәтижесі
2. Қосымша ақылы қызметті ұйымдастыру жұмыстары
3. Балабақшадағы тамақтандырудың жаңа тәртібімен таныстыру
4. Жас мамандарға тәлімгер бекіту
5. Семинар кестесін бекіту
6. Жасанды интеллект бойынша бұйрық және жұмыс жоспарын таныстыру

**Тыңдалды:**

1. Әдіскер Салтанат Темірболатқызы Кубашева топтардың жаңа оқу жылына дайындығын тексеру қорытындысымен таныстырды. Кейбір топтарда оқу құралдарын толықтыру қажет екендігі атап өтілді.
2. Меңгеруші Гүлсая Қартбайқызы Иманова қосымша ақылы қызметтер (таэквондо, шахмат, бестемше, көңілді әліппе, хореография т.б.) туралы айтып, олардың мазмұнын, жүргізу уақыты мен төлем тәртібін түсіндірді.
3. Медбике Мулдашева Әлия Мәлсқызы тамақтандырудың жаңа тәртібімен таныстырды, мәзір үлгілерімен бөлісті, санитарлық талаптар бойынша түсіндірме берді.
4. Жас маман, логопед Де Гүлдана Жұмағалиқызына тәжірибелі педагогтер арасынан тәлімгер тағайындалды. Әдіскер тәлімгерлік жұмыс жүргізілуінің тәртібімен таныстырды.
5. Жылдық жоспар бойынша белгіленген Семинарлардың жылдық кестесі ұсынылып, бекітілді. Әр педагогтің қатысуы, жауаптылар белгіленді.
6. Жасанды интеллектті білім беру процесінде қолдану туралы бұйрық және мекеме ішілік жоспар талқыланды.

**Қаулы:**

1. «Гүлдер», «Радуга», «Колокольчик» топтарының дайындығын бір апта ішінде толықтыру (жауапты: тәрбиешілер).
2. Қосымша ақылы үйірмелер, Таэквон-ДО 1-қыркүйектен бастап, басқа үйірмелер 2025 жылдың 1-қазанынан бастап іске қосылады. Жауапты: әдіскер Кубашева С.Т.
3. Топтардың ата-аналар жиналысы кестесі құрылып, тамақтандыру және балабақша режимі туралы ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Жауапты: медбике Мулдашева А.М.
4. Жас мамандарға тәлімгерлер бекітілсін, жоспар 10 қыркүйекке дейін дайындалсын. Жауапты: әдіскер С.Т.Кубашева .
5. Семинарлар кестесі бекітілсін, жауапты педагогтар уақтылы өткізуге дайын болсын. Жауапты: Әдіскер Кубашева С.Т.
6. ЖИ бойынша бұйрық пен жоспар негізінде жұмыс жүргізілсін.  
Жауапты: Иманова Г.Қ.

Хатшы:  Сисенбай А.Б.

Меңгеруші: Иманова Гүлсая Қартбайқызы



**Менгеруші жанындагы кеңестің  
№2 хаттамасы**

Қазан айы, 2025 ж.

**Қатысушылар:** Барлық педагогтар, медбикелер.

**Күн тәртібі:**

1. Өткен отырыс шешімінің орындалуы
2. Қазан айына арналған жұмыс жоспарын бекіту
3. Күзгі-қысқы ас мәзірін бекіту
4. ҚАҚ (ДПУ) құжаттарын реттеу, жұмысты бастау
5. «Күзгі асар» мерекесін өткізу, жоспарымен танысу, бекіту.

**Отырыс барысы**

**1-мәселе бойынша** менгеруші Иманова Г.Қ. мәлімдеме жасады. Топтар бойынша жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары толық аяқталды. «Тэквон-ДО» үйірмесі қыркүйектің 15-нен бастап жұмысын бастады. Ата-аналар жиналыстары өткізіліп, ас мәзіріндегі өзгерістер енгізілді.

**2-мәселе:** Әдіскер С.Т.Кубашева қазан айына арналған жұмыс жоспарымен таныстырып өтті.

**3-мәселе:** Күзгі-қысқы ас мәзірін бекіту мәселесі бойынша емдәмбике Галина Викторовна күзгі-қысқы ас мәзіріндегі өзгерістермен таныстырып өтті.

**4-мәселе:** Әдіскер С.Т.Кубашева биылғы оқу жылында ашылатын ҚАҚ тізімдерімен таныстырды және өткізілу кестесімен, жұмыс ретімен, жауаптылармен, келісім шарттармен және балалар тізімімен таныстырды.

**5-мәселе.** «Күзгі Асар» мерекесі мақсатымен таныстырылып, жауаптылар белгіленді, өткізілетін күн нақтыланды.

**Отырыс шешімі:**

1. 2025-2026 оқу жылының күзгі және қысқы он күндік ас мәзірі бекітілсін.
2. Қазан айына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Қазан айының 1-нен бастап, «Хореография», «Шахмат», «Бестемше», «Грамотейка», «Көңілді әліппе» үйірмелері жұмысын бастайды.
4. «Күзгі Асар» мерекесіне жауапты ретінде Ересек топтар бекітілсін. Өткізілу күні 28.10.2025 ж, болып бекітілсін.

Төрайым:

Хатшы:

Иманова Г.Қ

Кубашева С.Т.

**Меңгеруші жанындағы кеңестің  
№3 хаттамасы**

Қараша айы, 2025 ж.

**Қатысушылар:** Барлық педагогтар.

**Күн тәртібі:**

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы
2. Қараша айына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру және бекіту
3. «ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ» бойынша ашық қаралымдарды талдау
4. Аттестациялық сынақтан өту жоспарын нақтылау және үміткерлердің тізімін бекіту.

**Отырыс барысы:**

1. **Меңгеруші Иманова Г.Қ.** мәлімдеме жасады. 2025-2026 оқу жылының күзгі және қысқы он күндік ас мәзірі бекітіліп, балабақша мәзірі осы мәзір бойынша толық жүргізілуде. Қазан айына арналған жұмыс жоспары бойынша жоспарланған барлық жұмыстар ұйымдастырылып, өткізілді. «Хореография», «Шахмат», «Бестемше», «Грамотейка», «Көңілді әліппе» үйірмелері өз жұмыстарын жүргізіп, бастады. «Күзгі Асар» мерекесіне өз деңгейінде өткізілді.
2. **Әдіскер Кубашева:** «Жобалау технологиясы бойынша тәрбиешілер Т.А.Бондарева, Г.Жарасқанқызы, А.Даукулова, В.Сырлыбайқызы, Балько С. Ашық сабақтар көрсетті. Жобалау жұмысы қысқа мерзімді болып жасалды. Ата-аналармен және педагогтар арасында да осы жоба аясында көптеген жұмыстар жүргізілді. Жобалау жұмысының қорытындысын бәріміз бірге қарадық, енді әріптестерден бағалауын сұрайық. Әріптестер берілген ашық қаралымдарға өз бағаларын айтып, көзқарастарын жазбаша түрде тапсырды.
3. **Әдіскер Кубашева С.Т.** Аттестациялық сынақтан бныл 8 педагог сынақтан өтуге өтініш беріп отыр. Г.Қ.Иманова, Де Г. Щербина О.Л, Клещева Т.И, Бондарева Т.А, Жұмабаева К.М, Башентаева Ф.К, Замешаева Р.В. Осы педагогтар тесттен өтуге және аттестациялық сынақтан өтуге тізімге қосылады.

**Отырыс шешімі:**

1. ҚАҚ кесте бойынша жүргізілсін
2. Жобалау бойынша ашық қаралымдар «Қанағаттанарлық» деп танылсын.
3. Аттестациялық сынақтан өтуші педагогтар тізімі (8 педагог) бекітілсін.

Төрайым:

Хатшы:



Иманова Г.Қ

Кубашева С.Т.